

**Байғанин аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 58 "2012 жылдың көктемі-күзінде 1985-1994 жылдары туған азаматтарды кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Байғанин аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 21 қыркүйектегі № 207 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 4 қазанда № 3421 тіркелді. Қолданылу мерзімі аяқталуына байланысты күші жойылды - Ақтөбе облысы Байғанин ауданының әкімінің 2013 жылғы 23 қаңтардағы № 02-192 хатымен

**Ескерту. Қолданылу мерзімі аяқталуына байланысты күші жойылды - Ақтөбе облысы Байғанин ауданының әкімінің 2013.01.23 № 02-192 Хатымен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы 561-IV «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңының 28 бабына сәйкес, Байғанин аудандық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Байғанин аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 58 «2012 жылдың көктемі-күзінде 1985-1994 жылдары туған азаматтарды кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу туралы» (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2012 жылғы 13 сәуірде № 3-4-146 болып тіркелген, 2012 жылғы 19 сәуірдегі № 18 (7118) «Жем-Сағыз» газетінде жарияланған) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулының қосымшасындағы шақыру комиссиясының құрамынан Аманғос Абат Қожайұлы шығарылсын;  
көрсетілген құрамға:

Спанова Шара Қуанышқызы – Байғанин ауданы әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы болып енгізілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ш. С п а н о в а ғ а жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі:*

*М. Аққағазов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК